

**«Қазанғап атындағы Қызылорда музикалық жоғары колледжі» КМҚК  
бойынша жалпы жиналышының**

**ХАТТАМАСЫ**

**№ 2**

**Қызылорда қаласы**

**«30» қаңтар 2023 ж.**

**Катысқандар:** Колледж қызметкерлері

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

**Сыбайлас жемқорлықпен күресу мәселесі туралы**

Күн тәртібіндегі мәселеге сәйкес колледж директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары М.Ахметов хабарлама жасап, Сыбайлас жемқорлық мемлекеттік басқарудың тиімділігін, елдің инвестициялық тартымдылығын төмендететіні, әлеуметтік-экономикалық қарыштап дамуды тежейтіні баршаға мәлім.

Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы» Заңына келесідей ұғым берілген: Мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың, сондай-ақ соларға теңестірілген адамдардың лауазымдық өкілеттілігін және соған байланысты мүмкіндіктерін пайдалана отырып не мүліктік пайда алу үшін олардың өз өкілеттіктерін өзгеше пайдалануы, жеке өзі немесе делдалдар арқылы заңда көзделмеген мүліктік иғліктер мен артықшылықтар алуы, сол сияқты бұл адамдарға жеке және заңды тұлғалардың аталған иғліктер мен артықшылықтарды құқыққа қарсы беруі арқылы оларды сатып алуы сыбайлас жемқорлық деп ұғынылады.

Сыбайлас жемқорлықты болдырмау мақсатында біз тек «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңды ғана емес, мемлекеттік қызмет барысында қолданылатын барлық заңдарды талқылап жүруіміз керек. Көп құқық бұзушылық тудыратын «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңдарын қызметкердің жете білмеуі, кейбір мәселелерді дұрыс түсінбеуі. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы және Ар-намыс кодекс талаптарын сақтай отырып жұмыс жасауымыз керек.

Жиналыш сонында колледж директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары М.Ахметов колледж қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлыққа мүмкіндік туғызатын жағдайлардың алдын алу және сыбайлас жемқорлыққа мүмкіндік туғызатын себептерге жол бермеуді қатаң тапсырды.

**Жиналыш төрағасы**

**Хатшы**

**М.Ахметов**

**А.Марқабаева**